

Бетқайнар ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Бетқайнар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 19 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 2637 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бетқайнар ауылдық округінің Бетқайнар ауылындағы жаңа көшеге "Алтындән" атауы берілсін.
2. "Бетқайнар ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы" Бетқайнар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы №1 шешімінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бетқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Е. Омарбаевқа жүктелсін.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Е. Мақұлбаев